



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2020 жылғы 8-15 мамыр аралығында жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 18 мамыр



Сауда-саттықтың қорытындылары бойынша 15 мамырда **теңгенің нарықтық бағамы** көрсетілген кезең ішінде 0,2%-ға (420,92-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 420,12 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 8 - 15 мамыр аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ пен ҚХР келіссөз жүргізушілері екіжақты сауда мәмілесін және экономика мен денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық үшін қолайлы жағдайлар жасауға уәде беріп, сауда мәмілесін бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты. Алайда, Д. Трамп «америка - қытай сауда мәмілесі өз дәмін жоғалтты» деп мәлімдеді. ЕОБ Германия сотының оның бұрыннан келе жатқан облигацияларды сатып алу бағдарламасын сынға алған үкіміне жауап бере отырып, инфляцияны жеделдету үшін барлық жағдайды жасайтынына уәде берді. Джером Пауэлл вирустың экономикалық тәуекелдері туралы ескертті және теріс мөлшерлемелер идеясынан бас тартты. АҚШ-та бөлшек сауда сәуір айында дүкендердің жабылуына және өзін-өзі оқшаулауға байланысты, наурыз айымен салыстырғанда 16,4%-ға төмендеді. дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:



- **түрік лирасы** наурызда ағымдағы шоттың тапшылығы 2 жылға жуық уақыт ішінде ең жоғары деңгей \$4,92 млрд дейін жетуі туралы деректердің шығуына қарамастан, 3 халықаралық банкпен мәмілелер жасауға тыйымның алынып тасталуы аясында 2,7%-ға (7,09-дан 6,9-ға дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** аукционда айтарлықтай сұраныстан кейін жергілікті МБҚ деген инвесторлардың сұранысының жақсаруының белгісі аясында 0,4%-ға (14 920-дан 14 860-қа дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** Сауд Арабиясының ОПЕК+ аясында келісілген көлемге қосымша мұнай өндіруді қысқарту туралы шешімімен қолдау тапқан мұнай бағасының өсуі аясында 0,1%-ға (73,57-ден 73,48-ге дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** көп өзгерген жоқ, бір апта ішінде 75,55-тен 75,58-ге дейін әлсіреді. Үндістанның премьер-министрі экономиканы қолдау үшін Үкімет жалпы 20 трлн рупий (\$265 млрд, ІЖӨ-нің 10%) жұмсайды деп мәлімдеді, бұл шаралар Үкімет бөлген қаражатты, сондай-ақ ОБ тарапынан көрсетілетін қолдауды қамтиды;
- **Мексика песосы** өнеркәсіптік өндірістің 5% ж/ж төмендеуі туралы деректердің шығуы және ОБ негізгі мөлшерлемені 2016 жылдан бастап ең төменгі деңгей 5,5%-ға дейін төмендету туралы шешімі аясында 1,3%-ға (23,65-тен 23,96-ға дейін) әлсіреді;

¹АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ-тың әлсіз экономикалық деректерінің шығуына байланысты инвесторлардың тәуекел дәрежесінің төмендеуі аясында 1,3%-ға (18,35-тен 18,59-ға дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** 2020 жылы ІЖӨ өсуінің болжамын 0,02%-дан (алдыңғы болжам) -4,7%-ға дейін (ағымдағы болжам) қайта қарау аясында 2,3%-ға (5,73-тен 5,86-ға дейін) әлсіреді.



Дамушы елдер валютасының серпіні (2020 жылғы 1 мамыр =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz